

I МОДУЛЬ ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

5-сабақ Менің лауазымым — сот отырысының хатшысы



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

жіберу
баяндау
тексеру
тараптар
нұсқаулық
хабарландыру

сауатты
әзірлеу
жолдау
рәсімдеу
хабарлау
құрастыру



2. Тыңдаңыз, жазыңыз.



3. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз. Оқыңыз.

істі рәсімдеу _____,
сұраныстарды, хаттарды _____,
сотқа шақыру қағаздарын _____ және _____,
талаптарды _____, және _____,
процеске қатысушыларға, куәгерлерге, үшінші жақтарға,
сарапшыларға, мамандарға, аудармашыларға сотқа шақыру қағаздарын жіберу,
ауыптау мен қорғаушы тараптарына _____,
апта сайын қаралуға тағайындалған істердің кестесін _____,
тұтқындалған сотталушының жеткізілуін _____,
процеске қатысушылардың келуін _____,
олардың келмеу себептері туралы мәліметтерді судьяға _____,
сот отырысының хаттамасын _____ және _____,
олардың толық, құрыс _____ және оның жасалу мерзімінің _____,
заңды күшіне енген сот актілері бойынша атқарушылық құжаттарды _____,
атқару парағын талапкерге (өндіріп алушыға) _____

құрастыру

жолдау

әзірлеу

тексеру

хабарлау

жазу

рәсімдеу

беру

жіберу

жасау

істі рәсімдеу

жазылуына

қамтамасыз ету

тексеру

сақталуына жауап беру



4. Қажетті жалғауларды жазыңыз.

сұраныстар____, хаттар____ әзірлеу
 сотқа шақыру қағаздары____ жазу және жолқау
 талаптар____ құрастыру, және жолқау
 абыптау мен қорғаушы тараптары____ хабарлау
 істердің кестесі____ жасау
 сотталушының жеткізілу____ қамтамасыз ету
 процеске қатысушылардың келу____ тексеру
 мәліметтер____ судьяға баяндау
 сот отырысының хаттамасы____ жүргізу және қабылдау
 атқарушылық құжаттар____ рәсімдеу

-қы

-на

-қі

-не

-қі

-н

-ін



5. Қажетті жалғауларды жазыңыз.

процеске қатысушылар____,
 куәгерлер____,
 тараптар____,
 сарапшылар____,
 мамандар____,
 аудармашылар____
 сот____ шақыру қағаздарын жіберу
 атқару парағын талап қоюшы____,
 өндіріп алушы____ беру
 мәліметтерді судья____ баяндау

-ге

-ке

-ға

-қа



6. Сәйкестендіріңіз.

істі
 сұраныстарды, хаттарды
 шақыру қағаздарын
 талаптарды
 шақыру қағаздарын
 тараптарға
 істердің кестесін
 сотталушының жеткізілуін
 процеске қатысушылардың келуін
 мәліметтерді судьяға
 сот отырысының хаттамасын
 атқарушылық құжаттарды
 атқару парағын талап қоюшыға

жүргізу
 әзірлеу
 тексеру
 беру
 қамтамасыз ету
 рәсімдеу
 жасау
 баяндау
 рәсімдеу
 хабарлау
 жіберу
 жолқау
 құрастыру



7. Тыңдаңыз, бос орындарды толтырыңыз.



Менің аты-жөнім – Әугерім Қарымсақова. Мен облыстық сотта сот отырысының хатшысы болып жұмыс істеймін. Маған жұмысым ұнайды. Мен жұмыста істі _____, сұраныстарды, хаттарды _____, сотқа шақыру қағаздарын _____ және _____, талаптарды _____ және _____, процеске қатысушыларға, куәгерлерге, үшінші жақтарға, сарапшыларға, мамандарға, аудармашыларға сотқа шақыру қағаздарын _____, айыптау мен қорғаушы тараптарына _____, апта сайын қаралуға тағайындалған істердің кестесін _____, тұтқындалған сотталушының жеткізілуін _____, процеске қатысушылардың келуін тексеремін, олардың келмеу себептері туралы мәліметтерді судьяға _____, сот отырысының хаттамасын _____ және _____, олардың толық, құрыс жазылуына және оның жасалу мерзімінің сақталуына _____, заңды күшіне енген сот актілері бойынша атқарушылық құжаттарды _____, атқару парағын талапкерге, өңдіріп алушыға _____.



8. Үлгінің көмегімен қажетті сөздерді III жақтан қойып жазыңыз.

Әугерім Қарымсақова облыстық сотта сот отырысының хатшысы болып жұмыс істейді. Сот отырысының хатшысы істі _____, сұраныстарды, хаттарды _____, сотқа шақыру қағаздарын _____ және _____, талаптарды _____ және _____, процеске қатысушыларға, куәгерлерге, үшінші жақтарға, сарапшыларға, мамандарға, аудармашыларға сотқа шақыру қағаздарын _____, айыптау мен қорғаушы тараптарына _____, апта сайын қаралуға тағайындалған істердің кестесін _____, тұтқындалған сотталушының жеткізілуін _____, процеске қатысушылардың келуін _____, олардың келмеу себептері туралы мәліметтерді судьяға _____, сот отырысының хаттамасын _____ және _____, олардың толық, құрыс жазылуына және оның жасалу мерзімінің сақталуына _____, заңды күшіне енген сот актілері бойынша атқарушылық құжаттарды _____, атқару парағын талапкерге, өңдіріп алушыға _____.

әзірлеу

құрастыру

хабарлау

жасау

қамтамасыз ету

тексеру

жолдау

жүргізу

баяндау

қауындау

тексеру

рәсімдеу

жауап беру



9. Үлгінің көмегімен кестені толтырыңыз.

	хабарлау	қауындау	қамтамасыз ету	рәсімдеу	баяндау	жауап беру
Мен	хабарлаймын					
Сен	хабарлайсың					
Сіз	хабарлайсыз					
Хатшы	хабарлайды					



10. Сәйкестендіріңіз.

Мен

Сен

Сіз

Хатшы

Ол

Мен

Сіз

қамтамасыз етеді

қауындайсыз

рәсімдеймін

жауап бересіз

хабарлайсыз

баяндаймын

тексеремін



11. Берілген сөз тіркестерінің көмегімен мәтін құрастырыңыз.

қамтамасыз ету

сот отырысының хаттамасын жүргізу

хаттарды әзірлеу

сотқа шақыру қағаздары

тараптарға хабарлау

заңды күшіне енген

келмеу себептері туралы мәліметтерді баяндау

тағауындалған істердің кестесін жасау

сотқа шақыру қағаздарын жіберу